

Тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауда жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 240 және Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2013 жылғы 19 тамыздағы № 196/НҚ Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 18 қыркүйекте № 8722 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 11 қарашадағы № 78 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрінің 11.11.2014 № 78 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-бабының 3-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3 және 4-тармақтарына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған Тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауда жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Сауда комитеті (Қ. Ертуғанов):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелгеннен оның кейін ресми жариялануын;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің ресми интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі Т.М. Жақсылықовқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

орынбасары Қазақстан Өңірлік даму министрі _____ Б. Сағынтаев	– Қазақстан Экономика және жоспарлау міндетін атқарушы _____ М. Құсайынов	Қазақстан Республикасының және бюджеттік министрінің
------------------------------------------------------------------------	---------------------------------------------------------------------------------------	------------------------------------------------------------------

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары – Қазақстан
Республикасының Өңірлік
даму министрінің
2013 жылғы 19 тамыздағы
№ 196 / Н Қ ,
Қазақстан Республикасы
Экономика және бюджеттік
жоспарлау министрінің
міндетін атқарушының
2013 жылғы 08 тамыздағы
№ 240 бірлескен бұйрығымен
бекітілген

**Тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасы
заңнамасын сақтауда жеке кәсіпкерлік саласындағы
тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері**

1. Осы Тауар биржалары туралы Қазақстан Республикасы заңнамасын сақтауда жеке кәсіпкерлік саласындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі - Өлшемдер) «Тауар биржалары туралы» және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес және тауар биржаларын түрлі тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында әзірленген.

2. Осы Өлшемдерде тәуекел деп тауар биржалары қызметінің нәтижесінде биржалық саудаға қатысушыларға мүлктік залал келтіру ықтималдылығы түсіндіріледі.

3. Тауар биржасын тәуекел дәрежесі бойынша топқа жатқызу бастапқы және кейінгі бөлу жолымен жүзеге асырылады.

4. Бастапқы кезеңде жаңадан құрылған тауар биржалары жоғары тәуекел тобына жатқызылады.

5. Бұдан әрі жүргізілген тексерулердің нәтижесі бойынша тауар биржалары осы Өлшемдердің қосымшасына сәйкес алған балдар сомасына байланысты тәуекелдер дәрежелері бойынша бөлінеді:

61 балл және одан жоғары – тәуекелдің жоғары дәрежесіне жатады;
 31-ден - 60 баллға дейін – тәуекелдің орташа дәрежесіне жатады;
 0-ден - 30 баллға дейін – тәуекелдің елеусіз дәрежесіне жатады.

6. Жоспарлы тексеру нәтижесі бойынша бұзушылық болмаған жағдайда тауар биржасы тәуекел дәрежесі аз топқа ауыстырылады.

Тауар биржалары туралы

Қазақстан Республикасы заңнамасын
 сақтауда жеке кәсіпкерлік
 саласындағы тәуекел дәрежесін

бағалау өлшемдеріне қосымша

нысан

Тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері

р/с №	Өлшемдер атаулары	Балдар
1.	Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тауар биржаларының электрондық сауда жүйесіне қойылатын жалпы талаптарына жауап беретін тауар биржасының электрондық сауда жүйесінің болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 1-тармағына сәйкес)	30
2.	Құпиялылық (жасырын) режимін, сондай-ақ тауар биржасында коммерциялық құпияны құрайтын, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі мәліметтердің сақталуын қамтамасыз ету бойынша қажетті құралдармен жаратандырылған құрылымдық бөлімшенің болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 2-тармағына сәйкес)	30
3.	Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен биржа саудасының үлгі ережесі негізінде әзірленген биржа саудасы ережесінің болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 3-тармағына сәйкес)	10
4.	Тауар биржасы қызметкерлерінің Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 4-тармағына сәйкес)	20
5.	Сауданы ұйымдастыру жөніндегі және клиенттермен жұмыс жүргізу жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 5-тармағына сәйкес)	20
	Клирингтік орталықтың не клирингтік орталық қызметтерін пайдалану туралы шарттың болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653	

6.	қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 6-тармағына сәйкес)	30
7.	Тауар биржасының кемінде жеті мүшесінің болмауы («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2-тармағына сәйкес)	10
8.	Тауар биржасы туралы және оның сауда-саттықтар өткізу тәртібі туралы ақпаратты, сондай-ақ биржалық сауда-саттық нәтижелерін орналастыру үшін арнайы бөлімді қамтитын мемлекеттік және орыс тілдеріндегі өз интернет-ресурсының болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 8-тармағына сәйкес)	20
9.	Мына: тауар биржасы мүшелерінің бастапқы және жыл сайынғы, биржа мүлкін пайдаланғаны, сондай-ақ биржалық мәмілелерді, заңнамада тыйым салынбаған басқа түсімдерді тіркегені және ресімдегені үшін бекітілген төлемдер мөлшерінің болмауы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 1653 қаулысымен бекітілген Тауар биржаларының, биржалық брокерлер мен биржалық дилерлердің қызметіне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесінің 9-тармағына сәйкес)	10
10.	Тауар биржасында биржалық төреліктің болмауы («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 1-тармағына сәйкес)	30
11.	Кепілдік беру және сақтандыру қорының болмауы («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-1-бабының сәйкес)	60
12.	Тауар биржасының биржалық сауданы ұйымдастырумен байланысты емес сауда және өзге де қызметті жүзеге асыруы («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабының 3-тармағына сәйкес)	60
13.	Тауар биржасы қызметкерлерінің биржалық мәмілелерге қатысуы немесе коммерциялық ақпаратты өз мүдделеріне пайдалануы («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 2-тармағына сәйкес)	60
14.	Биржалық мәмілелерді тауар биржасының атынан және есебінен жасау («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 4-тармағына сәйкес)	60
15.	Тауар биржасының биржалық тауарларға күн сайынғы белгілеулерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау туралы міндетті орындамауы («Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 2-тармағына сәйкес)	20
16.	Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруды (жылыстатуды) және терроризмді қаржыландыруды болдырмау мақсатында әзірленген ішкі бақылау қағидалары мен оны жүзеге асыру бағдарламасының болмауы («Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабына сәйкес)	20